

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі А.Б. Сәрінжіповтің
«Қазақстан Республикасындағы білім және ғылым жүйесінің
жай-күйі мен басым бағыттары» тақырыбында
ҚР Парламенті Мәжілісінде сөйлейтін сөзінің жобасы
2013 жылғы 9 желтоқсан*

**Құрметті Төраға!
Құрметті депутаттар!**

Сіздермен кездесіп отырғаныма өте қуаныштымын.

Біз бұған дейін білім және ғылым жүйесіне қатысты кейбір мәселелерді талқыладық. Осы талқылау жұмыстарының қорытындысы бойынша берген ұсыныстарыңыз үшін сіздерге алғыс айтқым келеді.

Қазіргі кезде Мемлекеттік жастар саясаты туралы және «Білім туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобаларын әзірлеу жұмыстары жалғасуда.

Сіздермен алдағы уақытта да тығыз жұмыс жасаймыз деп ойлаймын.

Құрметті депутаттар!

Біраз жетістіктерге жеткенімізге қарамастан, білім және ғылым жүйесі елдің бәсекеге қабілетін арттырудың факторы бола алмай отыр.

Биылғы жылы Қазақстан Жаһандық Бәсекеге қабілеттілік Индексінде 144 елдің арасынан 50-ші орынды ие болды. Бірақ, білім және ғылымның 6 индикаторы бойынша (жалпы жақсарып келе жатқанына қарамастан) көрсеткіштер төмен болып отыр..

Мысалы, «Бастауыш біліммен қамту» индикаторы бойынша біз 118-ші орындамыз (2012 жылы – 102). «Ғылыми-зерттеу ұйымдарының сапасы» индикаторы бойынша – 108; «Ғалымдар мен инженерлердің қолжетімділігі» бойынша – 104-ші орын; Жоғары оқу орындары мен бизнестің ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардағы ынтымақтастығы» бойынша – 90-шы орын; «Математика мен жаратылыстану сапасы» – 81-ші орын;

Осыған байланысты Министрліктің үш жылдық жұмыс жоспарын әзірлеп жатырмыз. Ол көрсеткішті жақсартуға бағытталған.

Ресурсымыз да, күш-жігеріміз де жеткілікті, алайда бірқатар жүйелі мәселелер бар.

Ел Президентінің **мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласына** қойған мақсаты – балаларды балабақшамен толық қамту.

«Балапан» бағдарламасының арқасында 3-6 жастағы балаларды қамту жоспардан артығымен орындалып, 36%-дан 71,5%-ға дейін артты. Бұл жерде Қазақстан дамыған елдердің деңгейіне жақындады (Шығыс Еуропа елдерінде 80%, Германияда – 92%, Ресейде – 62 %).

Мектепке дейінгі ұйымдар саны 2010 жылмен салыстырғанда 2 есе өсіп, 8,7 мыңға жетті. Жекеменшік балабақшалар саны 1,7 есе өсті және жалпы балабақшалар санының 25%-ын құрады.

Осындай сандық жетістіктермен қатар, бірнеше мәселелер анықталды. Министрлік осы бағытта жұмыстар жүргізуде.

Бірінші. Балаларды ерте жастан дамыту бойынша мамандар жоқтың қасы. Мектепке дейінгі оқытуға маманданған жоғары білім бар педагогтар үлесі 20%-дан сәл ғана асады.

Бұл проблема, негізінен, ірі қалалар мен оңтүстік өңірлерге тән. Демографиялық және көші-қон өсіміне байланысты, аталған проблема арта түспек. «Балапан» бағдарламасын іске асыру шеңберінде бұл ахуалды «қалыпты жағдайда» ұстайтын боламыз.

Анықтама:

Бүгінде республикада мектепке дейінгі ұйымға орналасуға 458,6 мың (2012 жылы – 406,6 мың) өтініш тіркелген, оның ішінде 3-6 жастағы балалар саны – 208 мың.

Әсіресе, Астана (71,6 мың), Алматы (48 мың) қалаларында, Оңтүстік Қазақстан (65,2 мың), Алматы (35,3) және Жамбыл (32,5) облыстарында кезек күтушілер саны көп.

Осы мәселелерді шешу үшін Президенттің тапсырмасы бойынша 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасының мерзімін 2020 жылға дейін ұзарту үшін оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде.

Балабақшаға кезек мәселесін шешу үшін «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын енгізу мен ашудың 2014-2020 жылдарға арналған қадамдық жоспары» әзірленді. Бұл жоспар 3 кезеңде іске асатын болады. Мектепке дейінгі ұйымдармен қамтудың кезеңділігі жергілікті атқарушы органдармен келісілген.

Анықтама:

2014-2016 жылдарға арналған мемлекеттік тапсырыс алдын ала 89,5 млрд. теңгеге қолдау тапты (2014 – 47,2 млрд. теңге, 2015 – 23,1 млрд. теңге, 2016 – 19,2 млрд. теңге), оның ішінде 15,6 млрд. теңге жаңа 82 377 орынды енгізу үшін бөлінеді (2014 – 32 874 орын, 2015 – 28 546, 2016 – 20 957).

Болжамды деректер бойынша 2020 жылға қарай 3-6 жастағы 1 млн.-нан астам балалар мектепке дейінгі біліммен қамтылады.

Сонымен қатар, Министрлік пен әкімдіктер арасындағы Меморандум шеңберінде жекелеген аймақтардың қажеттілігіне қарай республикалық бюджет есебінен балабақшалар салу мәселесі қарастырылатын болады.

Екінші. Балабақшалар желісін дамыту үшін 2011 жылы оларды лицензиялау тоқтатылған болатын. Бұл білім беру сапасын бақылау мен мониторингтің төмендеуіне әкеп соқтырды, сондай-ақ мемлекеттік тапсырысты (189 мың теңге) қалыптастыруға әсер етті. Бүгінде жергілікті атқарушы органға хабарланбай ашылып жатқан жекеменшік балабақшалар бар. Осының нәтижесінде, мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру кезінде бұл балабақшалар Тізімге ілінбей қалады. Сондықтан, жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру кезінде жекеменшік балабақшалардың ашылуын ескеруі тиіс.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің басталуы туралы хабарлама рәсімін енгізу үшін «Білім туралы» Заңға өзгерістер енгізуге бастама жасалды. Біз 2016 жылы мектепке дейінгі ұйымдардың 100%-ын хабарлау жүйесінен өткізуді жоспарлап отырмыз. Осы мәселе бойынша қолдауларыңызды сұраймын.

Үшінші. Балаларды ерте жастан дамыту бойынша мамандар жоқтың қасы. Мектепке дейінгі оқытуға маманданған жоғары білім бар педагогтар үлесі 20%-дан сәл ғана асады.

Төртінші. Мектепке дейінгі білім беру мазмұны қазіргі заманғы талаптарға сай келмейді. Қазіргі уақытта

балабақшаларда 2000-2006 жылдары әзірленген 87 оқу бағдарламасы пайдаланылады.

«Балапан» бағдарламасын іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жалғасатын болады.

Біз мектепке дейінгі балаларға арналған кемінде 30% жаңа дамыту бағдарламаларын әзірлеу, апробациялау және енгізу жұмыстарын бастадық. Ол үшін Финляндия мен Жапонияның және басқа да дамыған елдердің үздік тәжірибелері зерттелуде.

2014 жылы балаларды ерте оқыту жөнінде ереже әзірлеуді жоспарлап отырмыз.

Жаңа жүйе арқылы 9 мың педагог 3 жасқа дейінгі балалармен жұмыс істеу бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтеді. Балаларды ерте дамыту бойынша жоғары білімді педагогтар үлесі кемінде 30% болады.

Кадрлар даярлау жөніндегі ресурстық орталық құрылады.

Мектептегі білім беру жүйесі жаңғыртылатын болады. Мектеп бітірушілердің өмірге жақсы бейімделуі үшін тиісті дағдылары мен қабілеттері болуы қажет.

Қол жеткен табыстарға қысқаша тоқталып өтейік.

Қазіргі уақытта 7 698 күндізгі мемлекеттік мектепте 2,5 млн. бала білім алуда.

Елбасының тапсырмасы бойынша **үштілді** оқыту енгізілуде.

Осыдан бір апта бұрын оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілінің сағатын көбейту туралы бұйрыққа қол қойдым (27.11.2013 ж. №; 471).

Ағымдағы жылғы қыркүйектен бастап бірінші сыныптан ағылшын тілін оқыту басталды.

15 Назарбаев зияткерлік мектебі құрылып, жұмыс жасауда. 2015 жылдың аяғына дейін олардың санын 20-ға жеткізу жоспарлануда. 21-інші ғасырдың білім беру бағдарламасы, әлеуметтік жобаларды пайдалану арқылы жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүйесі әзірленді. Оқушылардың білім жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесі

жасалды. Ол оқушыны дамытуға және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталған. Үш тілде оқыту саясаты іске асуда.

Зияткерлік мектептер он-лайн сабақтар мен семинарлар, әдістемелік әзірлемелер, мастер кластар, тағылымдамалар, 35 базалық мектеп арқылы өз тәжірибелерін таратуда. Кембридж университетімен бірлесіп, біліктілікті арттырудың жаңа жүйесі енгізілді. Осы жүйе бойынша 22 мың педагог біліктілігін арттырды.

Алдағы уақытта бұл озық тәжірибелерді еліміздегі басқа да мектептерге тарататын боламыз.

Қосымша білім беру саласындағы қамту **23%-ды**(641 бірлік) құрайды, яғни әрбір бесінші оқушы қосымша білім берумен қамтылған.

Республикадағы балалардың 79%-ына ыстық тамақ ұйымдастырылған. Әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан шыққан балалардың 99%-ытегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Астана, Алматы қалалары, Ақтөбе, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының әкімдіктері бастауыш сыныптың барлық оқушыларына тегін ыстық тамақ ұйымдастырды.

Тамақтану сапасы мен нормасына қатысты мәселелер бар.

Біз Білім беру саласындағы бақылау департаменттері мен жергілікті атқарушы органдар тарапынан бақылауды күшейтуді жоспарлап отырмыз. Мысалы, қолданыстағы заңнамаға сәйкес тексеру органдары 3 жыл ішінде тамақтандыру қызметін көрсететін, жаңадан ашылған компанияларды тексере алмайды.

Қазіргі уақытта біз Мемлекеттік сатып алу туралы заңды және басқа да нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізіп жатырмыз. Бұл істе Сіздердің қолдауларыңыз қажет, құрметті депутаттар.

Оқушылардың 85,3%-ы мектепке және үйіне тасымалдаумен қамтамасыз етілген.

Еліміздің 4 өңіріндегі 50 мектепте ([Ақтөбе](#), [Алматы](#), [ШҚО](#), [ОҚО](#)) 2013 жылғы қыркүйектен бастап жан басына қаржыландыру жүйесін апробациялау енгізілді.

Сонымен қатар, орта білім саласында түбегейлі шешуді қажет ететін бірқатар мәселелер бар.

Әсіресе ауыл мен қала арасындағы білім беру сапасының алшақтығы туралы мәселе өзекті болып отыр.

Апатты мектептердің 93%-ы (176 бірлік), үш ауысымды мектептердің 82%-ы (75 бірлік), спорт залы жоқ мектептердің 82%-ы (1620 бірлік) ауылда орналасқан. Ауылдағы жоғары санаты бар мұғалімдердің үлесі 11,5%-ды құрайды, бұл қаламен салыстырғанда екі есеге аз – 24,4%.

Қаладағы білім мен ауылдағы білім сапасының айырмашылығы ұлғайып бара жатқанын ҰБТ нәтижелері мен халықаралық сарапшылар растап отыр. Ауыл мектебін бітірген жастар сапасы төмен білім алғандықтан жүйеден ығыстырылып, маргиналданады.

7,6 мың мектептің 75%-ы (5,7 мың) ауылдық жерлерде орналасқан. Олардың 4,1 мыңы шағын жинақты мектеп.

Шағын жинақты мектептер аумағы үлкен және халқы аз елдер үшін жүйелі проблема болып табылады. Әлемдік тәжірибеде ауылдық шағын жинақты мектептердегі білім сапасы проблемасын шешудің 4 негізгі жолы бар.

Біріншіден, шағын ауылдардың балаларын ірі елді мекендерде тұратын орынмен және оқытумен қамтамасыз ету. Бұл үшін Қазақстанда 768 интернаттық ұйым бар. Оларда 51 мыңнан астам баланың тұруына жағдай жасалған. Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес интернаттары бар бейінді мектептерді салу жоспарлануда.

Екіншіден, ірі мектептерде оқу үшін балаларды тасымалдауды қамтамасыз ету. Қазіргі таңда Қазақстанда 30 мың оқушы үшін (тасымалдауды қажет ететін 29 707 немесе 85%) мектепке тасымалдау ұйымдастырылған. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, балаларды 100% тасымалдауға қол жеткізуге ұмтылатын боламыз.

Үшіншіден, ресурстық орталықтарды құру. Қазіргі кезде 203 шағын жинақты мектеп (ШЖМ) 59 қолданыстағы ресурстық орталыққа бекітілген. Мемлекеттік бағдарламада еліміз бойынша 2016 жылы 160 ресурстық орталық құру қарастырылған.

Ресурстық орталықтар шағын жинақты мектептерге қолдау көрсету үшін күшті тірек мектептерінің базасында құрылуда. Олардың базасында қысқа мерзімді сессиялық сабақтарды өткізу, оқушыларды қорытынды аттестаттау үшін

шағын жинақты мектептердің білім беру ресурстары шоғырланады.

Төртінші, ақпараттық коммуникациялық технологияларды (АКТ) белсенді қолдану. Оларды енгізу онлайн сабақтар жүргізуге, қашықтықтан оқытуға және шағын жинақты мектептер мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Сондықтан, таяудағы үш жылда ақпараттық коммуникациялық технологияларды дамыту барысында ауыл мектептеріне басымдық беріледі.

Негізінен ауылдағы шағын жинақты мектептер мәселелерін шешу аумақты дамыту бағдарламасын іске асырумен тығыз байланысты.

Мектептегі **білім беру сапасының төмендігі**, яғни білім берумазмұны ескірген, кадр әлеуеті, менеджмент пен инфрақұрылым нашар.

Қазақстан 2009 және 2012 жылдары 15 жастағы оқушылар оқу, жаратылыстану, математика пәндерінен білім жетістіктерін анықтайтын PISA халықаралық зерттеулеріне қатысты (2012 жылы Қазақстаннан 2018 білім беру ұйымынан (200 мектеп және 18 колледж) 15 жастағы 5808 оқушы қатысты)

2013 жылғы 3 желтоқсандағы ЭЫДҰ-ның жаңартылған PISA-2012 нәтижелері бойынша Қазақстан **65** елдің ішінде математикадан **49**-орында, жаратылыстану пәндерінен 52-орында және оқу сауаттылығы бойынша **63**-орында.

Дегенмен, бұл **2009** жылмен салыстырғанда көрсеткіштердің жақсарғанына қарамастан (математикалық сауаттылық 53-орыннан 49-орынға, жаратылыстану бойынша 58-орыннан 52-орынға). оқушыларымыздың нәтижелері орта әлемдік көрсеткіштен төмен күйінде қалып отыр. Бұл – қолданыстағы бағдарламалар мен оқулықтар сыни ойлау, дұрыс сұрақ қоя білу, міндетті дұрыс белгілеу, қажетті ақпаратты табу, ұжымда жұмыс істеу, нәтижені дұрыс ұсыну дағдысын дамытпайды деген сөз.

Оқулықтарды сараптамасын **сапалы жүргізу, білім беру ұйымдарына жеткізу дұрыс** ұйымдастырылмаған. Қызылорда (90%), Ақмола (96%), Солтүстік Қазақстан (99%),

Оңтүстік Қазақстан (99%), Қарағанды(99%) облыстарының мектептері оқулықтармен толық қамтамасыз етілмеген.

Біз жағдайды талдап, мынадай қорытындыға келдік. Бұл жерде оқулықтарға қойылатын жаңа стандарттарды қабылдау мен оларды басып шығару арасындағы уақыт реттелмеген. Яғни, мамыр айында жаңа стандарт қабылданса, жаңа оқу жылында оқулықтар қайта басылып шығады. Бюджетті игеру процесі жүріп жатыр. Сонымен қатар, әр оқулықпен бірыңғай процеске жұмылдырылмаған әртүрлі сараптамалық топ жұмыс істейді,

Біз жағдайды талдап, мынадай қорытындыға келдік. Бұл жерде оқулықтарға қойылатын жаңа стандарттарды қабылдау мен оларды басып шығару арасындағы уақыт реттелмеген. Яғни, мамыр айында жаңа стандарт қабылданса, жаңа оқу жылында оқулықтар қайта басылып шығады. Бюджетті игеру процесі жүріп жатыр. Сонымен қатар, әр оқулықпен бірыңғай процеске жұмылдырылмаған әртүрлі сараптамалық топ жұмыс істейді.

Республикадағы әрбір **бесінші мектепте асхана жоқ**. БАҚ-та мектептерде балалардың жаппай уланғаны туралы бірнеше фактілер жарияланды.

Орта білім сапасын дамыту үшін мынадай шаралар қабылданатын болады.

Бірінші мектептегі білім беру мазмұнын жаңарту. 2014 жылға бірінші сыныптарға арналған оқу жоспарлары мен бағдарламаларын және жаңа оқулықтарды әзірлеуді аяқтау міндеті қойылды.

Екінші мектептердегі, оның ішінде ауылдық мектептердегі кадр әлеуетін күшейту. 2016 жылы Кембридж моделі бойынша 3 айлық курстар шеңберінде педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесімен 108 мың адамды қамту жоспарлануда. Тағы да 135 мың педагог қысқа мерзімді курстардан өтеді. Үздік әлемдік тәжірибені ескере отырып педагогикалық жоғары оқу орындарының бағдарламалары әзірленетін болады.

Үшінші мектептерде басқаруды жетілдіру міндетін шешу үшін білім беру процесіне отбасыларды, қоғамды тарту

қажет. Қамқоршылық кеңестерді құру, жан басына қаржыландыру жүйесін енгізу және мектептерге дербестік беру жоспарлануда.

Қазіргі кезде заңнамаға сәйкес жұмыс істеп жатқан қамқоршылық кеңестер әлемдік практикадағыдай мектеп жұмысына толық араласа алмайды. Осылар бойынша жұмыстар атқарылуда.

Төртінші мектеп инфрақұрылымын жаңғырту. Инфрақұрылым мәселесін кешенді шешу жоспарлануда. Апатты және үш ауысымды мектептердің орнына салынатын құрылыс қажеттілігі картасы әзірленуде. Апатты мектептердің көпшілігі Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында. Үш ауысымды мектептер – Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарында.

Үш жылдың ішінде 146 мектеп салынатын болады. Нәтижесінде 2016 жылға қарай апатты мектептердің үлесі олардың жалпы санынан екі есеге (3%-дан 1,5%-ға), үш ауысымды мектептердің үлесі 13 есеге (1,3%-дан 0,1%-ға) азаяды. Ауыл мектептерін жаңа үлгідегі кабинеттермен жарақтандыру қажет.

Министрлік 2014 жылы неғұрлым проблемалы өңірлердегі инфрақұрылымдық мәселелерді шешу үшін республикалық бюджет есебінен 50 мектеп салуды жоспарлап отыр.

Бұл үшін Министрлік пен әкімдіктер арасында нысаналы трансферттер бойынша келісімдер жасалатын болады.

Мектептегі тамақтану мәселесін 2020 жылға қарай мемлекеттік-жеке әріптестік негізінде облыс орталықтарында, Астана және Алматы қалаларында мектептік тамақтану бойынша 16 энергия үнемдейтін комбинат салу арқылы шешу жоспарлануда. Сондай-ақ, «Мектептік тамақтану» өңірлік бағдарламасын әзірлеу және іске асыру көзделуде. Онда 2015 жылға қарай барлық әлеуметтік қорғалмаған санаттағы мектеп оқушылары мен бастауыш сынып оқушыларын тегін сапалы тамақпен қамтамасыз ету қарастырылады.

Осы жерде әрбір білім беру ұйымының басшысы оқушылардың өмірі мен денсаулығына жауапты екендігін атап өткім келеді. Тамақтану сапасын бақылау жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі. Ол үшін санитариялық-

эпидемиологиялық ережелер, балаларға арналған тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы техникалық регламент бекітілген.

Мектеп инфрақұрылымын дамытуда министрлік пен әкімдіктер арасындағы меморандумдардың рөлі ерекше. Ол 40-тан астам индикаторды қамтып, үш жылдық кезеңде бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте қолданыстағы заңнамаға сәйкес жергілікті атқарушы органдар білім мен жастар саясатын іске асыруға және оларды дамытудың нақты индикаторларына қол жеткізуге жауапты болады.

Сонымен қатар, алдағы үш жылға арналған басым бағыттарды іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, келісілуде. Жоспарда біздің бағыттарға қол жеткізудің барлық қадамдық іс-қимылдары көрсетілген.

Тағы бір мәселе – педагогтердің жалақысы бойынша. Қазіргі таңда педагогтердің сағаттық жүктемесі аптасына 18 сағатты құрайды, әлемдік практикада – 42 сағат, яғни толық жұмыс күні. Мұғалімдердің орташа жалақысы 55-60 мың теңге, бұл орташа республикалық деңгейден екі есе төмен. Бұл орайда атқаратын жұмыстар көп.

Техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) саласындағы басты мақсат – тұтынушылардың сұраныстарын ескере отырып, кәсіптік-техникалық білімге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету және сапасын арттыру.

Қазіргі уақытта техникалық және кәсіптік білім беретін 849 оқу орны бар (*472 мемлекеттік, 377 жекеменшік*). Контингент - 562 мың адам. Оқыту 181 мамандық және 476 біліктілік бойынша жүргізіледі.

Халықаралық талаптарға сәйкес **39** кәсіп бойынша модульдік бағдарламалар, **147** мамандық бойынша кәсіптік стандарттар дайындалды. Салалық мемлекеттік органдарда республикалық бюджет есебінен **176** кәсіптік стандарт әзірленуде.

Жұмыс берушілердің қатысуымен түлектердің **біліктілігін тәуелсіз бағалау** жүйесі енгізілуде (*2010 ж. – 105,5 мың, 2011 ж. – 122 мың, 2012 ж. – 123,4 мың, 2013 ж. – 112,6 мың түлек*).

Пилоттық режимде мұнайгаз, тау-кен өндіру, туристік салалардағы жұмыс берушілерінің 3 бірлестігі базасында біліктілікті растайтын тәуелсіз орталықтар құрылды (*«KazEnergy» кешенінің мұнайгаз және энергетика ұйымдарының Қазақстандық қауымдыстығы, Тау-кен өндіру және тау-кен металлургиялық кәсіпорындардың республикалық қауымдастығы, Қазақстандық туристік қауымдастық*).

176 колледжде оқытудың дуальді жүйесі енгізілді.

Үш жылда (2010 жылдан бері) колледждердегі шеберханаларды жарақтандыруға арналған қаражат 5 есеге өсті (2010 ж. – 896 млн. теңге, ЖБ; 2011 ж. – 2,2 млрд. теңге: РБ – 0,6 млрд. теңге, ЖБ – 1,6 млрд. теңге; 2012 ж. – 4,8 млрд. теңге: РБ – 2,4 млрд. теңге, ЖБ – 2,4 млрд. теңге, 01.09.2013 ж. – 3,3 млрд. теңге: РБ – 2,4 млрд. теңге, МБ – 0,9 млрд. теңге).

«Кәсіпқор» холдингі» әлемдегі озық тәжірибені енгізетін жүйелі оператор ретінде жұмыс істейді. Оның құрамында әлемдік деңгейдегі жаңа 2 колледж, 4 өңірлік кәсіптік орталық және 10 әріптес колледж бар.

Атырау кәсіптік орталығында оқу процесі бастылып кетті. Онда үш мұнай-газ мамандығы бойынша 300 студент білім алады. Жаңа білім беру бағдарламалары мұнай-газ мамандығын оқыту саласында көш бастап тұрған Канададағы Оңтүстік Альберта(SAITPolytechnic)технологиялар институтымен бірлесіп әзірленді.

«Кәсіпқор» жаңа 26 практикалық бағытталған білім беру бағдарламасын әзірледі, 276 оқытушы жаңа бағдарламалармен және қазіргі оқу жабдықтарымен жұмыс істеу тәсілдерін үйренді.

«Кәсіпқордың» қолдауымен жұмыс берушілердің колледж бітірушілерінің білімін өздері бағалауы үшін біліктілікті сертификаттайтын үш тәуелсіз орталық құрылды.

2015 жылы Астана және Алматы қалаларында әлемдік деңгейдегі колледждердің құрылысын аяқтау жоспарлануда. Онда оқыту неғұрлым тапшы кәсіптер бойынша алты бейінді мектепте жүргізілетін болады.

Атырау, Өскемен, Екібастұз және Шымкенттегі өңірлік кәсіптік орталықтарда өңірдегі еңбек нарығының ерекшелігі бойынша кадрлар даярланбақ.

Колледждер мен кәсіптік орталықтар «өсу нүктесіне» айналып, озық тәжірибені кәсіптік-техникалық білім беру жүйесіне таратуы қажет. Бағдарламалар, әдістемелер мен

менеджменттің жаңа жүйесі техникалық мамандар даярлайтын 278 колледжге таратылады.

Алдағы уақытта ТжКБ жүйесінде мынадай проблемалар бойынша жұмыс істейміз.

Бірінші. Бірінші кәсіпті алуға қол жеткізудің аумақтық, бағдарламалық және қаржылай шектелуі.

Жыл сайын 16 мыңға жуық жас кәсіпсіз қалуда, олар еш жерде оқымайды, жұмыс істемейді. Олардың 8 мыңы – мектеп бітірушілері, 8 мыңнан астамы колледждер мен жоғары оқу орындарынан шығарылғандар.

Сондай-ақ 28 мектеп бітіруші алғашқы техникалық мамандықты ақылы негізде алады.

Бұл ретте Халықаралық еңбек ұйымы өзіне мүше елдерге (195 (2004)) бірінші кәсіпті оқытуға жауапкершілік алуды ұсынады. Бұл ұсынымды әлем елдерінің көпшілігі қолдайды

Сондықтан, Министрліктің техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) саласындағы басты мақсаты тұтынушылардың сұраныстарын ескере отырып, кәсіптік-техникалық білімге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету және сапасын арттыру болады.

Бірінші техникалық кәсіпті алуға қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында 2016 жылға қарай кәсіптік-техникалық біліммен қосымша 53 мың білім алушыны қамту үшін мемлекеттік тапсырысты көбейту жоспарланып отыр. ТжКБ-ға қол жеткізуді карталау жұмыстары басталды.

Екінші. Білім және бизнес арасында әріптестік орнату керек. Бизнесі дамыта отырып, оның ТжКБ-дағы рөлі мен қатысуын күшейту, Үдемелі индустриалдық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы басымдықтарымен кадрлар даярлауды ұштастыру қажет. Проблемалар, жұмыс берушілер тарапынан шағымдар да бар.

Қазіргі уақытта еңбек нарығы ТжКБ үшін арнайы тапсырыс жасамайды. 2013 жылы 474,5 мың жұмыссыз бен 20,3 мың бос орын бола тұрып, шетелден 25,4 мың жұмысшы тартылған. Сондықтан бизнес пен мемлекеттің ТжКБ саласындағы әріптестігі үшін тұрақты құқықтық және экономикалық жағдай жасайтын боламыз.

Бұл үшін 2016 жылға қарай оқытудың дуальді жүйесі енгізілген техникалық және ауылшаруашылық колледждерінің үлесі 20-дан 50%-ға дейін өседі.

Бизнестің өзі үшін кадрлар даярлауға қатысуын ынталандыру мақсатында бірқатар заңнамалық актілерге түзетулер енгізу қажет.

Үшінші. Соңғы 3 жылда ТжКБ саласынан 7,5 мыңнан астам оқытушы кеткен. Олардың көпшілігі негізінен жоғары білікті және еңбек нарығына қажет мамандар.

Жыл сайын 1 қыркүйекте колледждердің оқытушыларға қажеттілігі 1000 адамды құрайды. Колледждерде, негізінен, өндірісте жұмыс тәжірибесі жоқ мамандар жұмыс істейді.

Осыған байланысты ТжКБ саласына өндірістен әрбір өңірде 100 адамнан (әртүрлі 10 сала бойынша 10 адамнан) жоғары білікті 1,6 мың маман тартылатын болады. ТжКБ-ға жұмысқа ауысу кезінде олардың өндірістегі жалақысы сақталады.

Сондай-ақ, 13 мың инженер-педагог қызметкердің біліктілігін арттыру жоспарлануда.

Төртінші. Материалдық-техникалық базаның нашарлығы. Қазіргі кезде мемлекеттік оқу орындарының 30%-ында ғана 1 мамандық бойынша қазіргі заманғы жабдықтар бар. Алдағы үш жылда аталған көрсеткіш 60%-ға дейін жеткізілетін болады.

Бесінші. Кешенді тестілеу (КТ) туралы. Қазіргі уақытта БАҚ-та КТ-ның қажеттілігі туралы мәселе жиі көтерілуде. КТ республикада екінші жыл өткізілуде. Бұл рәсімді енгізбес бұрын көптеген фактілерді анықтадық: колледжд бітірушілердің көпшілігі тиісті емтиханды тапсырмай ешқандай кедергісіз екінші курсқа қабылданды. Осыған байланысты КТ-ны енгіздік.

Сонымен қатар, бірқатар проблемалар да бар. Атап айтқанда жоғары оқу орнына түсу кезінде кешенді тестілеу сұрақтары алған білімдеріне емес, мектеп бағдарламасына негізделеді.

Сондықтан тестілеу мазмұнына өзгерістер енгізу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз.

Қазіргі уақытта **жоғары білім беру** жүйесінде **Назарбаев Университетінің** тәжірибесін тарату бағытында жұмыстар жасайтын боламыз.

Ол еліміздегі басқа да алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарын дамыту үшін білім, ғылым және инновацияны синтездеуге бағытталған «болашақ моделіне» айналды. Қазірдің өзінде ғылыми-зерттеу қызметі Университеттің ғылыми орталықтары мен мектептерінде жүзеге асырылуда. Онда 144 ғылыми жоба іске асуда. 45 заманауи зертхана қажетті базаны қамтамасыз етіп отыр.

Интеллектуалды-инновациялық кластер құру жұмыстары жүруде. Ол Университеттің білім, ғылым мен инновацияны интеграциялау процесіндегі негізгі кезең болып табылады. Коммерцияландыру кеңсесі, Бизнес-инкубатор және Тәжірибелік-эксперименттік цех (пилотты Технопарк), медициналық кластер құрылып, дамуда.

Ғылымды қажет ететін және жоғары технологиялық компаниялар желісі, индустриалды хай-тек алаңы құрылуда. Онда компанияларға жеке өндіріс инфрақұрылымын орналастыру құқығы беріледі. Хай-тек алаңға компанияларды іріктеп, орналастыру зерттеу орталықтарымен, Университет мектептерімен және ұлттық даму басымдықтарымен ынтымақтастыққа негізделеді.

Біздің міндетіміз Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіне осы модельді біртіндеп тарату және енгізуболып табылады. 18 жоғары оқу орнында Назарбаев Университеті тәжірибесін тарату жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ, жоғары білімге қол жеткізуді арттыру үшін Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің тетігі әзірленіп, іске қосылды.

2011 жылдан бастап жоғары білім беру саласында алғаш рет еліміздегі сияқты шетелде де **академиялық мобильдікті** мемлекет қаржылай қолдай бастады. 2020 жылға дейінгі Қазақстанның академиялық мобильдік стратегиясы қабылданды.

Қазақстан Ұлттық біліктілік шеңберін (ҰБШ) қабылдаған елдер қатарына кірді. Қабылданған біліктілік шеңбері

Еуропалық біліктілік шеңберімен үйлеседі және Ұлттық біліктілік шеңберін әзірлеу үшін негіз болып табылады.

Аккредиттелген органдардың ұлттық тізілімі құрылды, оған 6 аккредиттелген агенттік кіреді, оның ішінде Қазақстаннан – 2 және 4 шетелдік (Германия-2, Австрия – 1, АҚШ - 1).

Сонымен қатар, бірқатар проблемалық мәселелер де бар.

Бірінші. Жоғары білімді кадрлар даярлауда үйлесімсіздік байқалады, юристер мен экономистер көптеп дайындалуда, жоо бітірушілеріне деген қажеттілік төмен. Жоо бітірушілері жұмысқа орналаса алмайды және көбінесе мамандығы бойынша жұмыс таба алмайды.

Анықтама: Қазіргі уақытта юристер мен экономистер олардың жалпы санынан 20%-ға жоғары. Осы мамандықтар бойынша студенттердің 98%-ы өз қаражаты есебінен ақылы түрде оқиды.

Осы проблеманы шешу үшін біздің тарапымыздан бітірушілерді жұмысқа орналастыруды арттыру шаралары қабылдануда. Кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырыс жұмыс берушілер қажеттіліктерінің негізінде ғана қалыптастырылады. Гранттардың басым бөлігі техникалық, ауылшаруашылығы, ғылыми-жаратылыстану бейіндері мамандықтарына бөлінеді.

Екінші. Гуманитарлық және техникалық мамандықтар бойынша оқыту құнында айырмашылық жоқ десе де болады.

Қазіргі уақытта студентті даярлаудың орташа құны жылына 345 мың теңгені құрайды. Министрлік нақты шығындарды ескере отырып, грант мөлшерін есептеудің жаңа әдістемесін әзірледі. Қосымша шығындар қажет болатындықтан Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен бірлесіп қарастыру жоспарлануда.

Үшінші. Күндізгі бөлімге қарағанда **сырттай нысанда** білім алушылар көп. Жоғары білім беру сапасы төмендеуде.

Қазіргі уақытта бірқатар шаралар қабылданды. Орта білімі бар абитуриенттерді сырттай оқыту бөліміне қабылдау тоқталды. Кешенді тестілеу енгізілді. Үш жылда сырттай оқуға қабылдау 4,5 есеге азайды. Бұл бағытта жұмыстар жалғастырылатын болады.

Төртінші. Шаруашылық жүргізу құқығына ие мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдар түріндегі жоғары оқу

орындарының құқықтық-ұйымдастыру нысаны көптеген заңнамалық және нормативтік актілермен реттеледі.

Осы мәселені жүйелі шешудің бір жолы – жоғары оқу орындарына барынша дербестік беру. Бұл профессорлық-оқытушылық құрам мен студенттер ресурстары үшін жоғары оқу орындары арасындағы бәсекелестіктің күшеюіне мүмкіндік береді.

Бесінші. Алқалы шешімнің жоқтығы. Ол үшін Қамқоршылық және Байқау кеңестерінің құрамына мүдделі тараптардың, яғни жергілікті атқарушы органдар, Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және қоғамдастықтың өкілдерін және т.б. енгізу қажет.

Ректорларды тағайындау, жоғары оқу орындарының даму стратегияларын бекіту, қаржыны мақсатты пайдалануды бақылау сияқты негізгі мәселелерді шешуде Байқау кеңестері мүшелерінің қатысуы есебінен Байқау кеңесінің өкілеттігі кеңейеді. 2014 жылдан бастап аталған шараларды іске асыру жоспарлануда.

Алтыншы. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарының жеткіліксіздігі.

Бұл үшін болашақ кәсіптік жұмысқа қабілеттілігін анықтауға бағытталған жоғары оқу орындарына қабылдау жүйесін енгізуді қарастыру жоспарлануда.

Казіргі таңда мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінде төрт жүзден аса грант бар. Келешекте жоғарғы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ететін мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне халықтың қатысуын арттыру қажет.

Ғылым саласында ғылымды басқарудың жаңа үлгісі жұмыс істейді. Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау орталығы және бес Ұлттық ғылыми кеңес (ҰҒК) жүргізетін тәуелсіз ғылыми-техникалық сараптау жүйесі бар.

Жобаларды бөлу және қаражатты тиімді пайдалану кезінде проблемалар бар. Экономика мен индустриаландыру қажеттіліктері толық ескеріле бермейді.

Жоғары ғылыми-техникалық комиссия (ЖҒТК) 2014-2016 жылдарға арналған басымдықтарды бекітті. Олар: табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану; шикізаттар мен өнімдерді қайта өңдеу; энергетика және машина жасау,

ақпараттық және телекоммуникативті технологиялар, өмір туралы ғылым; еліміздің интеллектуалды әлеуеті.

Мемлекеттік ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындары базалық қаржыландырылады. Ғылыми зерттеулердің өзі бағдарламалық-мақсаттық және гранттық қаржыландырылады.

2013 жылдың 9 айында Министрлік ғылыми ұйымдармен базалық қаржыландыру бойынша 4,2 млрд. теңгеге (67 субъект); гранттық қаржыландыру бойынша 18 млрд. теңгеге (2024 жоба); бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша 12,6 млрд. теңгеге (54 бағдарлама) шарт жасады.

Ғылыми-техникалық ынтымақтастық дамуда.

Ғылым және техника саласында Ұлыбритания, АҚШ, ҚХР, Корея, Жапония, Египет, Германия, Италия, Франция, Польша, Ресей, Украина және т.б. елдермен 30-дан астам мемлекетаралық келісім жасалды. Ғылыми жобаларды және зерттеулерді іске асыру үшін барлығы 110 шетелдік маман тартылды.

Ғылыми саясаттың жаңа механизмдері ғылым саласындағы кадрлық әлеуетті тұрақтандыруға ықпалын тигізді. Қазіргі уақытта 345 ғылыми ұйым жұмыс істейді, оларда 20,4 мың қызметкер еңбек етеді *(соңғы 4 жылда ғылыми қызметкерлер санының артуы орын алып отыр (15,8 мың – 17 мың – 18 мың – 20,4 мың). Ғылымға жастар белсенді түрде келе бастады. Соңғы 4 жылда 35 жасқа дейінгі ғалымдардың үлесі еліміздегі зерттеушілердің жалпы санынан 34%-дан 38%-ға, 45 жасқа дейінгілер – 50%-дан 56%-ға артты).*

Ғылым саласындағы жас қызметкерлердің саны өсуде *(35 жасқа дейінгі ғалымдар үлесі 2011 жылғы 36%-дан 38%-ға өсті, 45 жасқа дейінгілер – 50%-дан 56%-ға артты (ҚР СА-ның 2013 жылғы наурыздағы деректері)).*

Министрлік Ұлттық ғылым академиясымен бірлесіп жылсайын Ғылымның жағдайы туралы ұлттық баяндаманы дайындау мен басып шығару тетіктерін әзірледі.

Академия бұдан былай ірі ғылыми жобаларды сараптамадан өткізуге және атаулы сыйлықтарды беруге үшін кандидаттар іріктеуге қатысатын болады. Министрлік академиялық журналдар басып шығаруға көмектеседі. Сонымен қатар, іргелі, қолданбалы ғылым проблемалары және ғылыми кадрларды даярлау мәселелері бойынша жыл

сайын халықаралық ғылыми симпозиумдарды өткізуге ықпал етеді.

Бұдан басқа министрлік мынадай мәселелерді шешуде белсене жұмыс істейтін болады.

Бірінші. Ғылымның экономиканың инновациялық дамуымен үндестігі. Ғылыми ұйымдардың Үдемелі индустриалды инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын индустриялық жобаларға қатысуы артатын болады. Ұлттық ғылыми кеңестерге индустрия өкілдерін тарту жоспарлануда.

Екінші. Ғылымдағы кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Индустриалды-инновациялық дамудың басымдықтарына сай ғылыми кадрларды даярлау, PhD-докторантура жүйесін дамыту жүзеге асырылатын болады. Ғылымды гранттық қаржыландыру есебінен докторанттардың (PhD) саны 1000 адамды құрайды.

Үшінші. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың қаржыландыру құрылымын оңтайландыру шаралары қабылданады. Ғылыми зерттеулер шығыстарында жекеменшік капиталдың үлесін 25%-ға арттыру жоспарлануда. Ғылыми зерттеулердегі ғылыми-техникалық әзірлемелер үлесі 40%-ды (2011 ж. - 26%) құрайтын болады.

Сөз соңында **жастармен тәрбие жұмысы** туралы айта кетейін.

Елбасы еліміздің жастарына ерекше көңіл бөледі. Оның айқын бір мысалы – «Болашақ» бағдарламасы. Ағымдағы жылғы 29 қарашада Елбасының қатысуымен мерейтойлық форум өтті. 20 жыл ішінде 10 мыңнан астам адам бағдарлама стипендиаттары атанды.

Бітірушілердің жартысынан көбі жекеменшік сектор мен қазақстандық компанияларда жұмыс істейді. 20%-ы – ұлттық компанияларда, 15%-ы – мемлекеттік органдарда, қалғандары – халықаралық және үкіметтік емес ұйымдарда.

Табысты әлеуметтену және өзін-өзі дамыту үшін «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты

тұжырымдамасы қабылданды. Ол тек мемлекет кепілдігіне ғана негізделіп қоймай, сонымен қатар әрбір тұлғаның жауапкершілігіне де негізделген әлеуметтік саясаттың жаңа принциптеріне бағытталған. Сонымен қатар, онда әлеуметтік әділеттілік пен керенаулық арасындағы теңгерімділік нақты көрсетілген.

Тұжырымдама мақсаты жастарды табысты әлеуметтендіруге бағытталған мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру.

120-дан астам ресурстық орталық ашылды, Жастардың бастамашылық қоры өз жұмысын бастады, әлеуметтік маңызды жобалардың тізбесі кеңеюде.

«Жастардың кадрлық резерві», «Мемлекеттік қызмет мектебі», «Жасыл ел», «Дипломмен ауылға» жобалары іске асырылды.

Жастардың өз мақсаттарына қол жеткізуіне жағдай жасап, кепілдіктер беру үшін 3 бағыт бойынша жұмыс жоспарлануда.

Біріншіден, жастар саясатын дамыту мәселелері бойынша индикаторларды орталық және жергілікті органдардың стратегиялық жоспарларына және мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысына енгізу арқылы ведомствоаралық қатынастарды дамыту.

Екіншіден, патриоттық тәрбиені күшейту алдағы 3 жыл ішінде белсенді жұмыс істеп тұрған 83 жастар ұйымның санын 100-ге жеткізу және жастар ресурстық орталықтарының жүйесін көбейту арқылы жүргізіледі.

Сонымен қатар жастар саясаты саласында жыл сайын өтетін республикалық және жергілікті іс-шараларға қатысатын жастардың санын көбейту және жастар ресурстық орталықтарының жүйесін кеңейту жоспарланған (200-ден аса жастар ресурстық орталығы).

Осылайша, алға қойылған барлық міндеттерді іске асыру үшін Министрлік жұмысын төмендегідей 4 басты принцип бойынша қайта құру жоспарланып отыр.

Ашықтық және айқындық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат. Біз қоғамға ақпарат ұсыну және бірігіп шешім қабылдау жұмыстарын жандандырамыз. Барлық мүдделі тараптармен жақсы қарым-қатынас орнатылады. Жемқорлық

әрекеттердің алдын алу және болдырмау мақсатында білім беру жүйесінің негізгі механизмдері қайта қарастырылады.

Стратегиялық менеджмент пен нәтижеге бағдарлану. Жаңадан енгізілетін және қабылданатын басқарушылық шешімдер бірыңғай стратегия мен нақты нәтижелерге бағытталатын болады. Нәтижеге жетудің нақты индикаторлары әзірленеді және енгізіледі.

Горизонтальді және вертикальді ведомствоаралық іс-қимыл. Министрліктің функционалдық міндеттері орталықсыздандыру және тиімді өзара іс-қимыл бойынша оңтайлы үйлесім тұрғысынан қайта қарастырылатын болады

Құрметті депутаттар!

Баяндамамда Елбасының тапсырмаларын іске асыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға қысқаша тоқталып өтуге тырыстым.

Қазақстандық білім беру сапасының деңгейін арттыруға бағытталған барлық тапсырмаларды орындаймыз деп сендіруге рұқсат етіңіздер.

Назарларыңызға рахмет!